

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ



“Жауапкершілік” айлығы

Қаңтар айы - “Жауапкершілік” айлығының аясында гимназиямызда әлеуметтік эксперимент жүргізіліп, оқушыларға жауапты болу насихатталды. Жауапкершілік абыройды арттырады, жауапсыздық ұятқа қалдырады.

«Оқы және өзгеге ұсын» атты өзара кітап алмастыру акциясы.

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарың арттыру, кітапханаға оқырман тарту, кітап оқуды насихаттау, оқу мәдениетін қалыптастыру, өзара кітап алмастыруды ұйымдастыру, кітап пен оқырман арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Оқы және өзгеге ұсын» атты кітап алмасу акциясы ұйымдастырылды.

Қарияларға қамқорлық көрсетейік

“Жауапкершілік” айлығының аясында «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» тақырыбында жалғыз басты қарт кісілерге көмек көрсету қайырымдылық акциясы өтті. Шараның мақсаты жалғыздікті қарттармен сұхбаттасып, оқушылардың қолдан келген көмектерін көрсетіп, балаларды саналы тәрбие беруге, жанашырлық, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қарттарымызды құрметтеп, сыйлауға, оқушы бойына асыл қасиеттерді сіңдіруге, үлкенге өнеге, кішіге үлгі болуды үйрету. Үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты екені белгілі.




«Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсы

2024 жылдың 11-12 қаңтар күндері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсында Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының география және биология пәні мұғалімі Кравчук Евгений Анатольевич жүлделі II орынды иеленді. Әріптесімізге шығармашылық табыс тілейміз!



Кітап - өмір ұстазы

“Оқуға құштар мектеп” жобасы және “Жауапкершілік” құндылығы айлығы аясында гимназия ұстаздары арасында “Кітап - өмір ұстазы” атты кітап оқу сайысы ұйымдастырылып, “Шабдалы” шығармасы талданып, тәрбиелік мәнін бөлісіп соңында сұрақтарға жауап беріп, ой бөлісті.



ДИАЛОГ АЛАҢЫ

“Жауапкершілік” айлығының аясында “Жауапкершілік - ізгі құндылық” тақырыбында Примкулова Гаухар Секенқызымен сұхбат ұйымдастырылып, жауапкершіліктің маңызы және жауапты болудың өзектілігін айтып өтті.

#Эксперименталаңы



Ұлттық тәрбиені насихаттайық” қолөнер шеберлік сағаты

2024 жылдың 18 қаңтар күні шеберлік сағаты Қазақ халқының әдет-ғұрып,салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып,әдепті,сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу басты мақсатымыз болып табылады. Шеберлік сағатымыздың барысында оқушыларға түрлі қазақи нақыштағы тоқыма және жіп иіру түрлерін көрсетіп, сұрақтарына жауап берілді.

“Оқуға құштар мектеп” жобасы

2024 жылдың 19 қаңтар күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында “Жас оқырмандар” алаңында гимназиямыздың 10 сынып оқушыларымен И.Есенберлиннің “Алмас қылыш” шығармасына талдау сағаты өтті. Спикер тарих пәнінің мұғалімі Құрманбаева Н.Е. Оқушыларға бұл шығарма көп септігін тигізіп, тәрбиелік мәнін айтып өтті.



АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА



Гимназиямыздың оқушысы, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңінің жеңімпазы

11 сынып оқушысы Тазабек Шұғыла олимпиаданың Республикалық кезеңіне қатысуда. Жетекшісі: Курманбаева Нуржамал Ережепбаевна. Сәттілік тілейміз!

«Үздік оқырман» кітап оқу жарысы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 8-9 сынып оқушылары арасында «Үздік оқырман» кітап оқу жарысы өткізілді. Жарысқа Темірғали Көпбайдың «Құлаққаптың қасіреті» әңгімесі таңдалып алынды. Аталмыш әңгіме арқылы оқушылар адам бойындағы асыл қасиеттерді өзіне үлгі етті. Әділдік, адалдық, сенім, мейірім сынды қасиеттерді биік қоюға, жамандықтардан аулақ болуға үйренді. Әңгімеден жақсы әсер алды, сіздердіде осы шығарманы оқуға шақырамыз! Барлық оқырмандарымыз алғыс хат, 1,2,3 орын дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.



“Үздік оқырман” мектепшілік оқушылар арасында кітап оқу жарысы

ӘРБІР БАЛА-БІР ЖҰЛДЫЗ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңінің жеңімпазы, Республикалық кезеңіне жолдама алған гимназиямыздың 10 сынып оқушысы Шахмамадов Мурат, жетекшісі: Жунисова Роза Калдыбековна облыс әкімінің қабылдауында болды. Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев мырза олимпиаданың Республикалық кезеңінде облысымыздың атынан баратын оқушыларға сәттілік тіледі, сонымен қатар оқушыларымызға Алғыс хаттар мен естелік ретінде сыйлықтар табыстады.



«Samgau» мектепішілік олимпиадасы

Гимназиямыздың оқушыларының дарындылығы мен қабілеттерін анықтау, академиялық қабілетті оқушыларды іріктеу, олардың одан әрі зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдарлануына жол ашу мақсатында мектепішілік «Samgau» олимпиадасының I кезеңі өткізілді. Олимпиадаға 3-10 сынып оқушылары қатысты. Келесі кезеңге өткен оқушыларымызға сәттілік!!!



«Қызық екен» интеллектуалды сайыс

Гимназиямызда эксперимент алаңы мен бірігіп ұйымдастырылған 8 сынып оқушылары арасында интеллектуалдық ойын сайыс ұйымдастырылды. Ойынымыздың мақсаты пәнге деген қызығушылығын арттыру. Қызықты деректермен білімдерін толықтыру. Алған білімдерін өмірде кеңінен қолдана білуге тәрбиелеу. Ойын соңында қатысқан оқушыларға белсене қатысқаны үшін Алғыс хаттар, жеңімпаз командаға Диплом табысталды.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТІ - ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ!

2024 жылдың 26 қаңтар күні оқушыларға кәсіптік бағдар беру бағытында Байзақ аудандық Төтенше жағдайлар қызметі және М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының курсанты оқуға түсу туралы ақпарат беріп, курсанттық өмірдің қызықтарымен бөлісті. Оқушыларымызға кәсіби бағдар беру жұмыстары одан әрі жалғасын табатын болады.





- Тазабек Шұғыла
- Республикалық кезең жеңімпазы

ӘРБІР БАЛА-БІР ЖҰЛДЫЗ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша ауыл мектептерінің оқушыларына арналған Республикалық пән олимпиадасының аудандық, облыстық кезеңдерінің жеңімпазы гимназиямыздың 11 сынып оқушысы Тазабек Шұғыла олимпиаданың Республикалық кезеңінен жүлделі III орынды иеленді. Жетекшісі: Курманбаева Нуржамал Ережепбаевна. Жеңістеріңіз құтты болсын. Жеңісті күндеріміз көп болсын!

«Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» Диалог алаңы

Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыпайылық қарым - қатынасқа тәрбиеленген қыздар, болашақта да ертең еңбек еткенде де жақсы жақтарымен көпшілік құрметіне бөленуі сөзсіз. Бүгінгі «Диалог алаңының» қонақтары, «Анаға тағзым» отбасын қолдау орталығының директоры, Жамбыл облысының ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы: Элмира Мырза-Ғали Инаятқызы және Психолог маманы мен үйірме жетекшісі: Назымбекова Аида Баялыққызы мен Уралбаева Балауса оқушыларымызға қыз баланының қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты, таза махаббатты түсінуге тәрбиелеуде өз пікірлерімен бөлісіп, Қазақ қызының бойындағы дәстүрімізге сай әдептілік, инабаттылық, көріктілік, ептілік сияқты жан-жақты ұлттық асыл қасиеттерді бойға сіңіруді атап өтті.

«Оқуға қуштар мектеп» рубрикасы

Наступила душная январская ночь аргентинского лета. Черное небо покрылось звездами. «Медуза» спокойно стояла на якоре. Тишина ночи не нарушалась ни всплеском волны, ни скрипом снастей. Казалось, океан спал глубоким сном.

На палубе шхуны лежали полуголые ловцы жемчуга. Утомленные работой и горячим солнцем, они ворочались, вздыхали, вскрикивали в тяжелой дремоте. Руки и ноги у них нервно подергивались. Быть может, во сне они видели своих врагов – акул. В эти жаркие безветренные дни люди так уставали, что, окончив лов, не могли даже поднять на палубу лодки.



А.Беляев. «Человек - амфибия»